



010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел 8,
Министрліктер Үйі
тел: (7172) 74 28 51, факс: (7172) 74 36 08
mintrudsoc@enbek.gov.kz

010000, город Астана, ул. Мәңгілік ел 8,
Дом Министерств
тел: (7172) 74 28 51, факс: (7172) 74 36 08
mintrudsoc@enbek.gov.kz

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
З.Д. Аманжоловаға, Г.М. Иксановаға,
А.К. Нуркинаға, Ж.Ә. Омарбековаға
Н.В. Жұмаділдаеваға,
Д.Н. Нұрманбетоваға және И.И. Клименкоға

2017 жылғы 15 наурыздағы № ДЗ-78 хатқа

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (*бұдан әрі – Министрлік*) Сіздердің Оңтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының №4 Түркістан арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығындағы (*бұдан әрі – Орталық*) туберкулезбен жаппай ауруға қатысты депутаттық сауалдарыңызды өз құзыреті шегінде қарап, төмендегіні хабарлайды.

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2017 жылғы 21 ақпандағы өкімімен туберкулездің ушығу ошақтарын оқшаулау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі штаб құрылды, оның құрамына эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру, емдеу және профилактика жұмыстарын жүзеге асыратын уәкілетті органдардың өкілдері кіреді.

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі ауруға шалдығу қатерін жою және инфекцияның таралуын болдырмау мақсатында 2017 жылғы 6 наурызда ведомстваралық жоспарды бекітті.

Облыстық бюджет комиссиясы Орталықтың ескі корпусында күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу үшін 9089,4 мың теңге көлемінде қаражат бөлу бойынша өтінімді қолдады.

Бүгінгі күні Орталыққа директордың медициналық жұмыс жөніндегі орынбасары, 1,5 ставкаға терапевт дәрігер жұмысқа қабылданды. Невропатолог дәрігерді (*1 бірлік*) тарту бойынша жұмыс жүргізілуде.

2017 жылғы 10 наурызда денсаулық сақтау, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментімен бірге «Семинарлар өткізуді ұйымдастыру туралы» 2017 жылғы 10 наурыздағы № 10 бірлескен бұйрыққа (*бұдан әрі – Бұйрық*) қол қойды.

Бұйрыққа сәйкес, әлеуметтік, білім беру саласы мекемелерінің, аудандық туберкулезге қарсы бөлімшелердің қызметкерлері арасында соңынан сауалнама арқылы алған білімі тексерілетін оқыту семинарлары ұйымдастырылып, өткізілді.

Оңтүстік Қазақстан облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті мен Оңтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы (*бұдан әрі – Басқарма*) арасында 2017 жылғы 27 наурызда «Әлеуметтік саладағы мекемелер қызметкерлері мен қызмет алушылардың арасында инфекциялық, паразитарлық аурулардың және тағамнан улану жағдайларының алдын алу мақсатында іс-шаралар жүргізу бойынша» өзара ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылды. Осы Меморандум 2017-2018 жылдарға бекітілді.

Облыс әкімінің өкімімен Басқарма басшысы Ә. Темірбаеваға қатаң сөгіс жарияланды. Ведомстволық бағынысты мекемелердің (МӘМ) қызметіне жетекшілік ететін басшы орынбасарына қатысты (Есімова М.) Басқарма тарапынан облыс әкімінің аппаратына атқаратын қызметінен босату туралы хат жолданды.

Орталықтың бұзушылыққа жол берген 22 қызметкеріне тәртіптік жазалау шаралары қолданылды, оның ішінде 5 қызметкер (*соның ішінде директордың әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасары*) атқаратын лауазымдарынан босатылды.

Орталық қамқорлығындағылардың туберкулезбен ауыру фактісін жасырғаны, тиісті құзыретті органдарға мәліметті жеткізбегендігі үшін Орталықтың бұрынғы директоры Б. Каримбаевқа қатысты тергеу амалдары жүргізілуде.

Өз кезегінде осындай фактілерді басқа өңірлерде болдырмау мақсатында Министрлік мынадай тиісті ден қою шараларын қабылдады:

- облыстардың, Астана және Алматы қалаларының басқармаларына туберкулезді уақтылы анықтау және профилактикалық іс-шаралар жүргізу мақсатында денсаулық сақтау мекемелерімен бірге медициналық-әлеуметтік мекемелердің (*бұдан әрі – МӘМ*) қамқорлығындағылардың барлық контингентіне және мамандарына қарап-тексеру жүргізу туралы хат жолданды.

- жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің қатысуымен халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін ұйымдарындағы науқас адамдарды уақтылы анықтауды және қарап-тексеруді қамтамасыз ету үшін жұмыс тобы құрылды.

Ағымдағы жылдың наурыз айынан бастап жұмыс тобының мүшелері ағымдағы жағдайды зерделеу мен арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету саласында әдістемелік көмек көрсету шеңберінде барлық МӘМ баруда.

Жалпы алғанда, еліміз бойынша МӘМ қызметі қызмет алушылардың флюорографиялық қарап-тексерілуін мониторингілеу, оларды ұстау жағдайларын қамтамасыз ету және мамандарды оқытуды ұйымдастыру бөлігінде Министрліктің бақылауына алынды.

Министр

Т. Дүйсенова

**Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Аманжоловой З. Д., Иксановой Г. М.,
Нуркиной А.К., Омарбековой Ж. А.,
Жумадильдаевой Н. В.,
Нурманбетовой Д. Н., Клименко И. И.**

*На № ДЗ-78
от 15.03.2017 г.*

Уважаемые депутаты!

Министерство труда социальной защиты населения Республики Казахстан (далее - Министерство) рассмотрев в пределах компетенции Ваш депутатский запрос касательно массовой заболеваемости туберкулезом в Туркестанском Центре оказания специальных социальных услуг № 4 управления координации занятости и социальных программ Южно-Казахстанской области (далее - Центр), сообщает следующее.

Распоряжением акима Южно-Казахстанской области 21 февраля 2017 г. создан штаб по организации проведения мероприятий по локализации очагов вспышки туберкулеза в Центре, в состав которого вошли представители уполномоченных органов, осуществляющие работу по профилактике, лечению и организации противоэпидемиологических мероприятий.

В целях устранения риска заболеваемости и недопущения распространения инфекции акиматом Южно-Казахстанской области 6 марта 2017 года утвержден межведомственный план.

Областной бюджетной комиссией поддержана заявка по выделению средств на сумму 9089,4 тыс. тенге для разработки проектно-сметной документации на проведение капитального ремонта в старом корпусе Центра.

На сегодняшний день в Центр приняты заместитель директора по медицинской работе, на 1,5 ставки врач-терапевт. Ведутся работы по привлечению врача-невропатолога (1 единица), фтизиатра.

Управлениями здравоохранения, координации занятости и социальных программ совместно с департаментом по защите прав потребителей 10 марта 2017 года № 26-ө подписан Совместный приказ «Об организации проведения семинаров»(далее-Приказ).

Согласно Приказу, организованы и проведены обучающие семинары среди сотрудников учреждений социальной сферы, образования, районных противотуберкулезных отделений, с последующим определением уровня полученных знаний путем опроса.

Между Департаментом по защите прав потребителей по Южно-Казахстанской области и Управлением координации занятости и социальных программ Южно-Казахстанской области (далее - Управление) 27 марта 2017 г. подписан Меморандум о взаимном сотрудничестве «О проведении мероприятий по профилактике инфекционных, паразитарных заболеваний и пищевых отравлений среди сотрудников и получателей услуг в учреждениях социальной сферы». Настоящий Меморандум заключен на 2017-2018 годы.

Распоряжением акима области руководителю Управления А. Темирбаевой объявлен строгий выговор. В отношении заместителя руководителя курирующего деятельность подведомственных учреждений (МСУ) (М. Есимова) Управлением направлено письмо в аппарат акима области о рассмотрении ответственности в виде освобождения от занимаемой должности.

В отношении 22 сотрудников Центра, допустивших нарушения, применены соответствующие меры дисциплинарного взыскания, из них-5 специалистов освобождены от занимаемой должности (в т.ч. заместитель директора по социальной работе).

За сокрытие фактов заболевания опекаемых Центра туберкулезом, не предоставления сведений в соответствующие компетентные органы, в отношении бывшего директора Б.Каримбаева проводятся следственные мероприятия.

В тоже время в целях не допущения аналогичных фактов в других регионах Министерством приняты соответствующие меры реагирования:

- направлены письма в Управления областей, городов Алматы и Астана организации совместно с органами здравоохранения проведения обследования всего контингента опекаемых и сотрудников медико-социальных учреждений (далее - МСУ) в целях своевременного выявления и проведения профилактических мероприятий по туберкулезу;

- создана рабочая группа с участием представителей местных исполнительных органов, в части обеспечения своевременного выявления и обследования лиц в организациях системы социальной защиты населения, оказывающие специальные социальные услуги.

С марта месяца текущего года членами рабочей группы осуществляется выезд во все МСУ в рамках изучения текущего состояния и оказания методологической помощи в сфере предоставления специальных социальных услуг.

В целом деятельность МСУ по стране в части обеспечения условий содержания, мониторинга флюорографическим обследованием получателей услуг и организации проведения обучения специалистов взято Министерством на контроль.

Министр

Т. Дуйсенова

Кошкумбекова Р.743341